




«Тіс күтімі-денсаулық кепілі»



Тобы: «Балдырған» аралас тобы
Тәрбиешілер: Қайранова С
Ергашова Г



ҰІӨ тақырыбы: «Тіс күтімі-денсаулық көпірі»

ҰІӨ мақсаты: Балаларға тіс туралы мағлұмат беру, оның атқаратын қызметі мен тіс күтімін түсіндіру.

Білімділік: Денсаулық, жеке бас тазалығы, тіс щеткасы мен пастасы туралы мағлұмат айтып, білімдерін кеңейту.

Дамытушылық: Жан - жақты білім беру, қиялын, сана - сезімін дамыту.

Тәрбиелік: Үлкеннің тілін алуға, сыпайылыққа, ұқыптылыққа, салауатты өмір салтын кіші жастан бастап қалыптастыра білуге тәрбиелеу.

ҰІӨ түрі: баяндау.

Әдіс - тәсілдері: түсіндірмелі, сұрақ – жауап.

Көрнекіліктер: суреттер.

ҰІӨ барысы:

I. Ұйымдастыру бөлімі - Амандасу, шаттық шеңбері:

Үлкенге де сіз,

Кішіге де сіз.

Баршаңызға құрметпен

Бас иеміз біз!

II. Ой қозғау:

- Балалар денсаулығымыз мықты, дене сымбатымыз әдемі болу үшін не істеуіміз керек?

- Жеке тазалық құралдарына не заттар жатады?

- Бізде неше тіс бар?

- Тістің атқаратын қызметі қандай?

- Тіс щеткасы, тіс пастасы дегеніміз не?

- Тісті қалай тазалаймыз?

Тәрбиеші: Балалар жеке бас тазалығы дегеніміз – әрбір адамның күнделікті жеке тазалық құралдары көмегімен денсаулықты нығайтуға бағытталған іс-шараларымыз. Жеке тазалық құралдарына сүлгі, тарақ, айна, тіс щеткасы мен тіс пастасы жатады.

Тіс (dentes) — адамның ауыз қуысында орналасқан сүйек. Тіс ауыздағы тамақты ұстап, шайнап, ұсақтау қызметін атқарады. Тіс үш бөліктен тұрады. Олар сауыт, мойын, түбір. Сауыт пен түбірді қызыл иекке жалғасатын мойыны бөліп тұрады.

- Сүт тістерінің негізі ұрықтың ана құрсағында дамуы сатысында қалыптаса бастайды.
- Сәбидің сүт тісі 6 – 8 айлығында жарып шығып, 3 жаста толық жетіледі.
- Баланың тұрақты тістері 6 – 7 жаста, негізінен 14 – 16 жаста толық шығып болады.

Осылай ересек адамдарда барлығы 32 тіс болады. Үстіңгі жақ сүйекте 16 тіс, астыңғы жақ сүйекте 16 тіс болады.

Тіс щеткасы - ауыз қуысын (тістерді) тамақ қалдықтарынан таза ұстауға арналған құрал. Тіс щеткаларының қатты, жұмсақтау және өте жұмсақ түрлері болады. Олар тез ластанады, сондықтан оны үш-төрт айда бір рет ауыстырып тұрған жөн. Тіс щеткасы осыдан мың жылдай уақыт бұрын араб еліндегі мұсылмандардан тараған. «Арак» ағашынан дайындалған тіс щеткасы «мисуек» деп аталған. 1448 жылы тіс щеткасын Қытайда шошқа терісінің қылшығынан жасаған. Көп ұзамай, оны саудагерлер Еуропаға апарған. Бұл кезде Еуропада жылқы жалынан және борсық терісі қылшығынан жасалған тіс щеткасы қолданылыпты. Уақыт өте келе, бұл щеткалардың бірі қатты, ал екіншісі тым жұмсақ болғандықтан, 1938 жылы АҚШ-тың «Дюпон» фирмасы нейлон талшығынан жасалған тіс щеткасын шығарды. 1961 жылы АҚШ- та электрлі тіс щеткасы қолданысқа енді. Балаларға арналған тіс щетка сабы қалың болса, балаға ұстауға ыңғайлы.

- Талшықтары жиі және дөңгелек щеткалар тіс өттерінің қанамауын қамтамасыз өтеді және жұмсақ болады.
- Жуу барысында тіс өттеріне зақым келтірмес үшін тіс щеткасы доғал пішінде орналасу қажет.

Тәрбиеші: Балалар мен сендерге жұмбақ жасырайын, шешіп көріңдерші? (

Жуынып болғанда

Жүреді қолдарда (**сүлгі**)

Аузы жоқ, көзі жоқ

Тілі жоқ, сөзі жоқ.

Бірақта тісі бар.

Шашыңмен ісі бар.

Бұл не? (**тарақ**)

Тістің бәрін аппақ қылып

Тигізеді септігін (**тіс пастасы**)

Қарап тұрсаң өзіңе, Ертемен күнде сен,

Сурет түсер көзіңе. Қолыңа сүйкесең.

Ол суретің ұқсайды, Кетіп кір –ласың

Тура сенің өзіңе Тап-таза боласың.

(**айна**) Бұл не? (**сабын**)

Арқалығы сүйектен

Жапсырылған қылы бар

Тістен көрсе кірлерді

Тұра алмайтын жыны бар (**тіс щеткасы**)

Күтпеген кезен

Есік қағылады.

-Сәлеметсіздерме, балалар.

Балалар, бізге қонаққа кім келді.

Дәрігер:

Балалар, мен сендердің тістеріңді қарайын деп келдім. Балалар, бір-бірлеріңе қарап күлімдендер.

Күлкілерің қандай тамаша

«Тіс күлкіге сән берер» деген тістерің әдемі болса бет ажарларында, күлкілерінде әдемі болады.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар! Қане ,балалар, кім денсаулық, тіс туралы тақпақ біледі?

Альтайыр:

Мен айтайын тақпақ,

Алғың оны жаттап.

Тісіңді жу, тазарт

Маржандай болсын аппақ.

Кәусар:

Сырттан келіп үнемі,

Сабынмен қол жуамыз,

Таза болды мұнтаздай,

Тағамға қол созамыз.

Мұхаммеджан:

Алғашқы тіс – сүт тістер

Түсіп бірте тынады.

Алты жастан нық тістер –

Тұрақты тіс шығады.

Айбархан:

Атқаратын қомақты

Ауыз қуыс ісі бар:

Ұсататын тамақты

Отыз екі тісі бар.

Дидактикалық ойындар: «Тіске пайдалы және зиянды тағамдар»

«Баланың тісін тазала»

«Көлеңкесін тап»

Тәрбиеші: Жарайсыңдар! Балалар тістің түсі қандай?

Балалар: Түсі-аппақ.

Тістің суретін салу.

Тәрбиеші: ұрандата отырып балаларды саппен қол жуатын бөлмеге апарып тісті қалай дұрыс жуу керектігін көрсету.

Тазалықты издесең,

Тіс пастадан табасың.

Тістеріңді шөткеге,

Тазалатып аласың.

Балалар есте сақтаңдар: тісті күніне 2 рет таңертең және ұйықтар алдында жуып жату керек. Жылына 1 рет тіс дәрігеріне қаралу керек.

Тәрбиеші: Балалар сендерге ертегі ұнады ма? Бүгінгі оқу іс- әрекетімізде біз не ұқтық, соны еске түсірейік. Сонымен балалар, тіс бізге не үшін қажет, атқаратын қызметі қандай?

Балалар: тамақты шайнап жеу үшін, деніміз сау болу үшін , әдемі күлу үшін.

Тәрбиеші: Дұрыс айтасыңдар, балалар. Балалар бүгінгі сабаққа белсене қатысқандарына көп-көп рахмет.

